



Тараз қалалық Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА

85
ЖЫЛ

Виртуалды көрме

Тараз - 2024

ЖАМБЫЛ

Туған өлке - Жамбылым жыр бесігім!

Мыңжылдық шежіресін шерткен өңір,
Тарихы мен танылған әрбір жерің.
Әр ауданы әдемі тау-тасымен
Мақтан етер біртуар бар ерлерің.

Ұлы Жамбыл, облысым атын алған,
Он аудан мекенінен құралған.
Әр ауданның дархан жері, елі бай
Тауында тайбұрылдың тасы қалған.

Құлан, Бөкей таулы жер табиғаты,
Ақ қайың, шыршасы мен бар аршасы.
Сарқырай Көксай, Ақсай өзендері
Жуалы – жасыл мекен жер жәннаты.

Жоңғарлармен арыстандай айқасқан,
Рысбек батыр азат үшін шайқасқан
Бауыржандай жауынгерін әлем білер
Ерлігімен аты аңызға айналған.

Тілі өткір Шерхан сынды қайраткерін,
Ел ұмытпас жанашыр қаламгерін.
Айтып өту мүмкін емес көру қажет
Шақпақ әулие сынды ірі жерлерін.

Екі мыңжылдық астам тарихы бар,
Үңгірдегі көне жазу дәлел болар,
Айша бибі, Тектұрмас кесенелер
Жамбыл аудан сәулетін толықтырар.

Меркінің шипалы мың бұлағы,
Сыпатай батырменен шыққан аты.
Асанбай еңбегінің бір ұшқыны
«Жұмақ пен тозақ» атты жыр жинағы

Кеңес ата есімі таныс елге
Қазақ-Қырғыз ақыны талай жерге
Халқымыздың бай дәстүрін жеткізген,
Өлеңменен жырменен бұл дәуірге.

Қордай батыр ерлігімен із қалдырған,
Аудан болып Қордай аты сақталған.
Наурызбай мен Өтеген батырлары
Тәуелсіздік жолында шахит болған.

Таласым би батырлар мекені екен,
Алғашқы адамдар да мекендеген.
Суы да, ауасы да жанға шипа
Танымал тамды әулие жерлерімен.

Ақтабан шұбырынды заманында,
Қасқая қарсы тұрған дауылдарда.
Көшек Саңырақ батыр бабалары
Есте қалған ерлігі мен ел аузында.

Кеңестің батырлары шыққан мекен,
Елу тоғыз Еңбек Ерін тапқан өлкем,
Мырзатай ағамыздай ерлері бар,
Еліне жан аямай терін төккен.

Туған өлке – Жамбылым жыр бесігім,
Өзің жайлы көптеген жыр естідім.
Мерей тойың құтты болсын асқақ өлкем,
Ыстық маған Жамбыл атты есімің.

Ақсұңқар Төреханқызы



Шежірелі өлкенің шаттығы тарқамасын!



Қазақтың Ұлы даласының қай өңірі де тұнып тұрған шежіре. Сөйлете білсең, терең үңілсең, соның қай-қайсысы да қазақ халқының өткенінің бай тарихын баяндайды. Жамбыл облысы – ежелгі Ғұндардың да, Сақтардың да, байырғы Түрік Қағанатының да, Қарлұқтардың да, Оғыздардың да, Қыпшақтардың да Атамекені. Керей мен Жәнібек қазақ мемлекетінің қазығын қаққан қасиетті өлке.

Жамбыл облысы – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, көне дәстүрлерді көркемдетіп, түлетіп отырған, бірлік пен бейбітшіліктің алтын бесігі.

Биыл облыстың құрылғанына 85 жыл толуына орай өңір құрамындағы аудандарда мәдениет күндері ұйымдастырылып, тұрғындарды ерекше сезімге бөлеуде. Облыс жылдан жылға көшін ілгерілетіп, даму деңгейін жоғарылатуға барынша күш салуда. Жамбыл облысы өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да әлеуетке ие өңірлердің бірі. Сондай-ақ, экономиканың барлық саласы бойынша жыл сайын тұрақты өсімін көрсетіп келеді.

Мемлекет саясатының алтын арқауы, басты өзегі – ел бірлігі, елдің ынтымағы. Қазіргі азат ұрпақ Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ұғынып, елдің бірлігін сақтап, Қазақ елінің жарқын болашағы жолында аянбай еңбек етеді деп сенемін.

Облыстың 85 жылдық мерейтойы құтты болсын! Шежірелі өлкенің шаттығы тарқамасын!

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
*филология ғылымының докторы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты*

Барлығымызды туған жер біріктіреді



Биыл Жамбыл облысының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Бұл біздің ортақ мерекеміз. Біз өз өлкемізді, оның тарихын, басты байлығы – еңбекқор халқы мен талантты азаматтарын мақтан тұтамыз.


Жамбылдықтар барлық салада жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Жамбыл өңірінің тұрмысы жылдан-жылға жақсара түсуде. Мерейтойды тойлағанда мұнымен тоқтап қалмай, күнделікті еңбекпен жаңа мақсаттарға жетуге ұмтылу өте маңызды. Сондай-ақ, инфрақұрылымды дамыту, экономикалық әлеуетті арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешу, халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытында әлі де ауқымды жұмыстар күтіп тұр.

Өлкеміздің шежіресіне есімдерін жазып қалдырған қаншама тамаша тұлғалар өлкемізге абырой мен құрмет әкелді, түрлі саладағы жетістіктерімен асқақтатты. Өңірдің өмір сүрген жылдарында қол жеткізген барлық жетістігі өңір тарихына жазылып, облыс мәртебесі арта берсін деп тілеймін. Мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар барлық салада табысты жүзеге асырылып, оның игілігін ел көре берсін! Ең бастысы, туған жерімізбен мақтанатын себептер көп болсын!

Сәкен АРУБАЕВ,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты

Елі де бай, жері де бай бақ мекен



Алатау мен Қаратаудың түйіскен жерінде, еліміздің ауқымды аумағын алып жатқан Жамбыл облысы – туып-өскен өлкем, осындай топырақта дүниеге келіп, тәлімін алып өскенімді бақыт деп санаймын. Бүкіл жамбылдықтарды облыстың 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Жамбыл облысының тамылжыған табиғатымен, тазалығымен, тұрғындарының кішіпейілділігімен ерекшеленетінін аңғарамын. Топырағының құнарлылығымен жері де бай, бір-біріне деген жан жылуымен елі де бай өлкемізде үнемі тек той болсын! Бірліктің туын биікке көтерер халқымыз аман, татулықты бақытына балайтын жұртымыз тыныш болсын!

«Жасампаз қала – Жамбылым» деп өлең жолдарында айтылғандай, жаңарған уақытта игіліктерге ілесе алға ұмтылған туған өлкемнің, жерлестерімнің жаңа өмірге жаңаша ойменен бірін бірі қолдап, еңбектері еселеніп, тек алдыңғы қатардан көріне берулеріне тілектеспін. Қазақтың әрбір шаңырағына шаттық ұяласын, әрбір ұжымға табыс пен сәттілік келсін!

Оразкүл АСАНҒАЗЫ,
қоғам қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің,
«Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері,
Шу ауданының Құрметті азаматы

Үлгі алып, үйренгенім көп



Алтайдан Арқа, Атырауға созылып жатқан Қазақ даласында әр өңірдің маңызы үлкен. Оның ішінде еліміздің тарихи ордасы, жыр алыбының құрметіне аталған Жамбыл облысына биыл мерейлі 85 жыл толып отыр.

Тасын түртсең, тарих пен шежіресі шыға келетін Әулиеата аймағының бүгінгі қол жеткізген табыстары ерен. Экономикалық дамуы өз алдына, рухани құндылықтар, әлеуметтік даму жағынан да бәсі жоғары.

Жамбыл облысы көптеген тарихи және мәдени ескерткіштер мен кесенелерге бай киелі өңір. Айша бибі, Қарахан кесенелері, Ақыртас тарихи орны мен Баласағұн, Құлан қалашықтары – қатпарлы тарих көріністері.

Қазақ даласының қалыптасу тағдырына өзінің едәуір үлесі бар, ежелгі Әулиеата жері ақын-жазушыларымен, кеудесін оққа тосқан алып батырларымен, спортшы, мәдени қайраткерлерімен де мақтанады. Бұл мекен ерекше табиғатымен көз жауын алар сұлулығымен танымал.

Әр тұрғыны қарапайым, ізденімпаз, жаңашыл Жамбыл жерін 85 жылдық мерейтоймен құттықтап, аймаққа ізгіліктер мен жақсылықтар, үлкен табыстар тілеймін!


Бекболат ОРЫНБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты



Жамбыл облысы — Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Шу-Іле таулары мен Балқаштың батыс жағалауы, Қаратау жотасы, Қырғыз Алатауы мен Бетпақдала аралығында орналасқан. Облыс – оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен, батысында Оңтүстік Қазақстан, шығысында – Алматы облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен шектеседі. Облыстың аты қазақ және кеңес ақыны Жамбыл Жабайұлының құрметіне қойылған. Жер аумағы — 144 300 км².

Облыс орталығы — Тараз қаласы.

Облыста барлығы 10 аудан, 4 қала бар.








Жыр алыбы Жамбыл бабамыздың «Атыңнан айналайын Әулиеата, атыңды мен алды деп болма қапа», деген жыр жолдары бүгінде бүкіл қазаққа мәлім.

Тарихтан белгілі, кезінде Әулиеата аталған бүгінгі Тараз, жалпы Жамбыл облысы ұлы жыраудың атына берілгенде толқыныстан туған жыр жолдары күні бүгінге дейін халықтың жадында. Мәскеуден келе жатқан ақын бұл хабарды естіп, пойыз қазіргі Тараз қаласындағы бекетке тоқтағанда, жыр алыбы Әулиеата рухынан кешірім сұрап, оған тәу еткен дейді. Аңызға бергісіз бұл әңгіме ұлы тарихтың парақтарында алтын әріппен жазылып қалды.


Биыл қасиетті мекендегі Жамбыл облысы үшін ерекше жыл. Киелі құт дарыған өлкенің облыс болып құрылғанына 85 жыл. Бұл мереке облысымыздың өткені мен бүгінін жалғап тұрған межелі мезет, жетістік жаршысы десек те болады. Ұлы Жібек жолы бойына орналасқан Жамбыл өңірі – береке-бірлігі жарасым тапқан елдіктің тұғырлы мекені. Жамбыл облысы Шу-Іле таулары мен Балқаштың батыс жағалауынан – Қаратауға, Қырғыз Алатауынан Бетпақдалаға дейінгі алқапты алып жатқан аймақ. Қазақ жерінің қасиетті де құнарлы, шуақты өлкесі. Жүз жасаған жыр алыбы Жамбыл атамыздың атын иемдеген ежелгі Әулиеата жері – «алтын құрсақты» өңір. Күміс көмей әншілер мен дәулескер күйшілер, білікті билер мен білекті батырлар өткен бұл берекелі аймақ ән мен жырдың кені Кенен Әзірбаев, қылқобызды күйкылжытқан Ықылас Дүкенұлы, Халық қаһарманы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы, Халық жазушысы Шерхан Мұртаза сынды біртуары азаматтар осы өлкеде өмірге келген.

Облыс орталығы Тараз қаласының шежіресі төл тарихымыздың ажырамас бір бөлігі іспеттес. Тараз – еліміздегі ең көне, тарихи да тағдырлы шаһардың бірі. Әулиеата өңірі берекелі, шуақты өлке.

Құрметті оқырмандар, сіздердің назарларыңызға «Жамбыл облысына 85 жыл» атты виртуалды көрмемізді ұсынамыз.



63.3(5Қаз-4Жам) Рысдәулет, М. Жамбыл облысы 75
P94 [Мәтін] : жылнама-шежіре / Мақұлбек
Рысдәулет. - Алматы : Таймас, 2014. –
544 б. : сурет.



Кітапта Жамбыл облысының құрылғанына 75 жыл толып отырған 1939 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі экономикасы, әлеуметтік тұрмысы, мәдениеті мен басқа да саласының тыныс-тіршілігінен хабардар етер мәліметтер мен деректер, оқиғалар бар. Киелі де қасиетті, ғасырлардан тамыр тартқан облыстың жетпіс бес жылының тарихы жылнама-шежіре ретімен баяндалады. Бұл тәуелсіздік жылдарынан кейінгі облыстың тыныс-тіршілігінен анық көрінеді.

Жетпіс бес жылдық тарихын білуге негіз қалайтын, Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатында сақтаулы құжаттар негізінде жазылған кітап деректері тарихшылар, ғалымдар мен студенттер, өлкетанушылар мен магистранттар үшін өте құнды кітап.

Дерек пен дәйек

- 1939 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Жамбыл облысы құрылды.
- 1940 жылы Көктерек және Луговой аудандарында радиохабарлар торабы орнатылды.
- 1941 жылы қант қызылшасының әр гектарынан 600-700 центнерге дейін тәтті түбір жиналған.
- 1942 жылы Ұлттық әскери бөлімшелер жасақтау қорына барлық аудандардан азық-түлік жинастырылды.
- 1943 жылы ақын, сазгер Кенен Әзірбаев Жамбыл облыстық драма театрында концерт берді.
- 1946 жылы Жамбыл Жабаеттың туғанына 100 жыл толуына орай жамбылдық және қызылордалық ақындардың айтысы өтті.
- 1950 жылы «Жамбыл су және орман шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» құрылды.
- 1951 жылы Жуалы ауданы Оңтүстік Қазақстан облысынан Жамбыл облысының құрамына берілді.
- 1954 жылы Жамбыл политехникалық колледжі химия кәсіпорындарына мамандар даярлай бастады.
- 1955 жылы Химиктер мәдениет сарайы (қазіргі Ы.Дүкенұлы атындағы қалалық мәдениет үйі) пайдалануға берілді.
- 1956 жылы Жамбыл шақпақ қант зауытының құрылысы басталды.
- 1957 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының арнаулы отряды Кіші және Үлкен Қаратау жоталарындағы тас ғасырының ескерткіштерін зерттеді.
- 1958 жылы Қазақ КСР Министрлер Советі төрағасының орынбасары Асқар Закарин мойынқұмдық атақты шопан Жазылбек Қуанышбаевтың өңіріне екінші «Алтын Жұлдыз» медалін салтанатты жағдайда тақты.
- 1960 жылы Рим Олимпиада сында Луговой жылқы зауытының Абсент атты сәйгүлігімен шабандоз Филатов алтын медаль жеңіп алды.
- 1961 жылы жүнді алғашқы өңдеу фабрикасы іске қосылды.
- 1962 жылы КСРО Жоғарғы Советінің сайлау жөніндегі №673 Жамбыл сайлау округінен «Талас» қой совхозының директоры Әбдір Сағынтаев кандидат болып ұсынылып, КСРО Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды.
- 1963 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институты ашылды.
- 1964 жылы Жамбыл қос суперфосфат зауытының құрылысы басталып, 1969 жылы бірінші кезеңі іске қосылды.
- 1965 жылы Жамбыл ГРЭС-нің құрылысы басталды.
- 1966 жылы Андасай қорықшасы құрылды.
- 1967 жылы Жамбыл пединституты ашылды.
- 1968 жылы Жамбыл облыстық филармониясы құрылды.
- 1970 жылы «Алатау» ән-би ансамблі ұйымдастырылды.
- 1971 жылы Жуалы ауданын да Берікқара қорықшасы ұйымдастырылды.



1975 жылы кезінде Жамбыл қаласында еңбек еткен белгілі ғалым, Социалистік Еңбек Ері Константин Иванович Скрябиннің музейі ашылды.

1978 жылы мемлекеттік комиссия Жаңа Жамбыл фосфор зауытының бірінші кезеңі іске қосылғаны жөніндегі қабылдау актісіне қол қойды.

1980 жылы грек-рим күресінен жамбылдық спортшы Жақсылық Үшкемпіров қазақ тарихында тұңғыш рет Олимпиада чемпионы атанды. Осы Олимпиадада Серік Қонақбаев күміс жүлдегер атанды.

1981 жылы Кенен Әзірбаев музейі ашылды.

1989 жылы Жамбыл облыстық телеарнасы алғашқы хабарын таратты.

1990 жылы облыстың бас басылымы тұңғыш рет «Ақ жол» деген атпен шыға бастады.

1996 жылы Ақбақайда алтын балқытатын зауыт іске қосылып, алғашқы сапалы алтын алынды.

1997 жылы Жамбыл қаласына тарихи атауы Тараз қайтарылды.

1998 жылы Тараз университеті құрылды.

1999 жылы химия кәсіпорындары біріктіріліп, «Қазфосфат» серіктестігі құрылды.

2000 жылы Тараз қаласында Совет Одағының Батыры, қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлына ескерткіш орнатылды.

2001 жылы Тараз қаласында «Дарын» мектебі ашылды.

2002 жылы Тараз қаласының 2000 жылдық тойы кең көлемде тойланды. Орталық алаңда Бәйдібек баба ескерткіші ашылды.

2003 жылы Амангелді газы пайдалануға берілді.

2005 жылы облыстық «AR-AI» жастар газетінің алғашқы нөмірі жарық көрді.

2006 жылы Тараз қаласында Бақтияр Артаев атындағы Бокс сарайы ашылды.

2010 жылы «ғасыр құрылысы» атанған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобанының құрылысының жобасы бекітілді.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы Жамбыл облысында да айрықша аталып өтті.

2013 жылы Төле би Әлібекұлының туғанына 350 жыл толуы тойланып, Тараз қаласында ұлы биге ескерткіш орнатылды.

2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы жоғары деңгейде тойланды.


2018 жылы Таразда IT технологияларды дамытуға арналған инновациялық орталық ашылды.

2019 жылы Жамбыл облысының 80 жылдығы аясында бірқатар жаңа нысан ел игілігіне берілді.

2022 жылы «Асар» жобасы аясында 105 отбасы баспаналы болды.

2023 жылы Байзақ ауданында «Алель Агро» АҚ-ның құрама жем шығару зауыты іске қосылды.

2024 жылы дзюдадан Елдос Сметов Париж Олимпиадасының чемпионы атанып, жерлестері лайықты құрмет көрсетті.




63.3(5Қаз-4Жам)622 Ж25 Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 ж.ж.) [Мәтін] : [ғылыми-көпшілік бас.]. - Алматы : Арыс, 2015. – 584 б. : сурет.

«Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 ж.ж.)» атты кітапта Жамбыл облысы халқының тыл жұмысындағы еңбегі күнделікті өмір тарихы тұрғысынан баяндалады. Еңбек архивтік құжаттарда, соғыс жылдарындағы мерзімді басылымдарда, сондай-ақ көзі тірі майдангер және тыл ардагерлерінің көрсетулерінде берілген фактілік материалдарға негізделген. Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Айтылған тарих» ғылыми-зергегу орталығы даярлаған бұл кітапта сонымен бірге арамызда жүрген майдангерлер мен тыл ардагерлерінен алынған сұхбаттар мәтіні берілді.


Қосымша ретінде тақырыпқа тікелей қатынасы бар деген құжаттық материалдар топтастырылды.

Кітап Отан тарихына қызығушылық танытатын оқырмандарға, студент жастарға, жалпы көпшілік қауымға арналады.



**63.3(5Қаз-4Жам)
Б21**

Бақторазов, С.У. Жамбыл облысының Тәуелсіздік кезеңіндегі тарихы (1991-2016 жылдар) [Мәтін] : [монография] / Бақторазов Сейдахан Уәлиұлы. – Алматы: Томирис 21, 2016. – 288 б.




Қазақстан тарихында 1991-ші жылдың 16-шы желтоқсан - бірнеше ұрпақтардың армандаған мақсатының жүзеге асқан күні болды. Дәл осы күн Қазақстан үшін Тәуелсіздік Туы желбіреп, саяси жүйесінде түбегейлі демократиялық-құқықтық реформа жасалып, терең өзгерістерге ие болды. Аталған оң өзгерістер облысымызда да орын алды. Тәуелсіздік кезеңіне жаңадан қадам басқан Жамбыл өңірінде де әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулар жүзеге аса бастады. Қазақстан Республикасының 25 жылдық мерейтойы карсаңында ұсынылып отырған кітапта Жамбыл облысының 1991-2016 ж.ж. әлеуметтік-экономикалық жағдайы толық баяндалған.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

92(5Қаз-4Жам) Тараз. Жамбыл облысы [Мәтін] :
Т21 энциклопедия / [бас. ред. Б.Г. Аяған].
- Алматы : Қазақ энциклопедиясы,
2003. - 576 б. : сурет.

Басылымда ХХ ғасырлық тарихы бар талайғы Тараздың ежелгі замандардан қазіргі кезеңге дейінгі бай тарихы баяндалып, қала және облыс аумағындағы әйгілі мәдени ескерткіштер әліпбилік жүйе бойынша сипатталған. Жамбыл облысының қазіргі шаруашылық-экономикалық әлуеті туралы мағлұматтар берілген. Есімі елге белгілі тарихи тұлғалар мен қайраткерлер өмірбаяндары келтірілген. Энциклопедия фотосурет, карталармен безендірілген. Кітап туған ел, өскен жер тарихын, мәдени құндылықтарын жетік білуге құштар оқырман қауымға арналған.



Тараз өңірінің екімыңжылдық тарихындағы елеулі оқиғалар

- Б. з. б. 1-мыңжылдықта Азия құрлығының орталық белдемінде түркі халықтарының арғы тегі — ғұндардың мемлекеті қалыптасты. Оның құрамына Жетісуды мекендеген үйсін тайпалары да кірді.
- Б.з.б. 2 ғ.-да үйсіндер сақ тайпаларын бағындырып, өз мемлекетін құрды.
- 6 ғ.-да Сунб, Құтан, Испиджаб, Тараз қалаларын басып өтетін Ұлы Жібек жолының сырлариялық және таяншандық бағыттары қалыптасты.
- 6 ғ.-да Тараз қаласы мен оны қоршаған өлке туралы алғашқы жазба деректер пайда болды.
- 568 ж. Таразда Византия елшісі Земарх, 629 ж. Қытайдың будда миссионері Сюань Цзян болып қайтты.
- 609 ж. Батыр баба, би Байбібек дүниеге келген.
- 704 ж. Жетісуда түрештер саяси жетекшілікті өз қолдарына алып араб жаулаушылығына қарсы күресті.
- 715 — 738 ж. Сұлу-Сұдық қиған тұсында Тараз қаласы қара түрештердің астанасы болып, өлкенің экономикасы мен мәдениеті едәуір дамыды.
- 740 ж. Құтанда Батыс түрік қағанатының соңғы әміршісі Ашина Син қаза тапты.
- 751 ж. Тараз жанындағы Аталх қаласы түбінде аббасидтердің әскербасы Зияд ибн Салих пен Қытай қолбасшысы Гао Сянжи (Гау Шиян) арасында 3 күнге созылған орасан зор шайқас болып, қытайлар толық күйретілді.
- 756 ж. түрештердің екі қағанының ордалары Тараз бен Сунбты қоса бүкіл Жетісу қартұқтар жабуының қолтастына өтеді.
- 940 ж. ел ордасының бірі Тараз қаласы болған Қартұқ қағанаты ыдырады.
- 10 — 12 ғ.-да Қараханнар мемлекеті қалыптасты.
- 956 ж. Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы Сағұк Бұғра Қарахан (Әулие Ата) қайтыс болды.
- 960 ж. таққа отырған оның ұлы Мұса исламды мемлекеттік дін ретінде жариялайды.
- 1041 ж. Қарахан мемлекеті Батыс және Шығыс Қарахан қарағаттарына бөлініп кетті.
- 12 ғ.-да ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші — Айша бибі кесенесі салынды.
- 12 ғ.-дың 1-жартысында Жетісу жерін құндандар (қара қытайлар) басып алып өз мемлекетін құрады.
- 1208 ж. Моңғолиядан ығысқан Күшлік хан бастаған наймандар Жетісуда келіп, 1211 ж. мұндағы билікті қолдарына алады.
- 1210 — 12 ж. Шыңғысхан әскері Жетісуды ешбір соғыссыз басып алды, қартұқтар билеушісі Шыңғысханға қызметке тұрады.
- 1219 ж. Шыңғысхан әскерлері Тараз аймағын басып өтіп Сыр бойындағы қалаларға шықты.
- 1219 — 22 ж. Хорезмді толық бағындырғаннан кейін Шыңғысхан жаулап алған жерлерді ұлыстарға бөлді. Тараз аймағы Шағатай ұлысына қарайды.
- 1269 ж. көктемде Шыңғыс хан ұрпақтары мен моңғол ақсүйектерінің қатысуымен болған моңғол империясының соңғы құрылтайы — “Талақ құрылтайы” өтті.
- 1347—48 ж. шамасында Шағатай ұлысының ыдырауы нәтижесінде Моғолстан мемлекеті құрылды.
- 1370 ж. Мауераннахрда билік басына Әмір Темір (1336 — 1405) келді.
- 1370 — 90 ж. Әмір Темір Моғолстанға бірнеше жорық жасап, Тараз өңірін қатты шапқыншылыққа ұшыратты.
- 1452 ж. Есен тайшы бастаған ойраттар моғолдардың бытырап жатқанын пайдаланып, Шу өңіріне басып кірді.
- 1457 ж. қалмақтар жүктері мен бала шағаларын Шу бойына қалдырып, Түркістанға жорық жасады.
- 15 ғ.-дың 50 — 70 жылдары Шығыс Дешті Қыпшақ пен Сырдария бойынан Батыс Жетісуда (Шу мен Талас алаңдарына) 200 мыңдай адам көшіп келді. Сойтіп, бұл өңірде Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет — Қазақ хандығы қалыптасты.
- 1499 ж. тарихшы, әдебиетші, “Тарих-и Рашиди” кітабының авторы Мұхаммед Хайдар Дулати дүниеге келді (1551 ж. қайтыс болған).
- 1526 — 30 ж. Моғол империясының негізін қалаған Захир әд-Дин Мұхамед Бабыр “Бабырнама” тарихи шығармасын жазды. Шығармада Тараз (Янгі) туралы құнды деректер келтірілген.
- 1541 — 46 ж. Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарихи Рашиди” еңбегін жазды.
- 1663 ж. қазақтың үш ұлы биінің бірі — Төле би Әлібекұлы тұды (1736 ж. қайтыс болған).
- 1670 ж. қазақ-жоңғар соғысы қалармандарының бірі — Қосы батыр дүниеге келді (1760 ж. қайтыс болған).
- 1691 ж. жоңғар басқыншылығына қарсы күрестегі әйгілі батыр, қолбасшы Саңырық батыр Тохтыбайұлы дүниеге келді (1740 ж. қайтыс болған).
- 1723 ж. қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезең — “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” басталды.



- 1729 ж. біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі болған — Аңырақай шайқасы өтті.
- 1771 ж. Шу атырабында өйгілі шешен, батыр Бөліткір Әлменұлы дүниеге келді (1854 ж. қайтыс болған).
- 1781/82 ж. өйгілі қайраткер, батыр Сыпатай Әлібекұлы дүниеге келді (1867/68 ж. қайтыс болған).
- 1789 ж. Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр, қайраткер Байзақ датқа дүниеге келді (1864 ж. қайтыс болған).
- 1828—29 ж. Ресей үкіметі мен коқан билеушілерінің келісімі бойынша екі ел шекарасы Шу өзені бойымен өтті.
- 19 ғ.-дың басында Ұлынағаштан Ақмешітке дейінгі бүкіл Оңтүстік Қазақстанда коқандықтар басып алды.
- 1821 ж. қоқандықтар ежелгі Тараз қаласының орнына Әулие-Ата бекінісін тұрғызды.
- 1841 ж. Жамбыл тауының етегінде ұлы ақын, жырау, жырыш Жамбыл дүниеге келді (1945 ж. қайтыс болған).
- 1860 ж. Ресей әскерлерінің қоқандықтарға қарсы белсенді әскери қимылдары басталды.
- 1864 ж. жазда полковник М.Г.Черниев бастаған жасақ Верный бекінісінен (қазіргі Алматы қ.) батысқа қарай жорыққа шығып Меркіні ұрыссыз алды, Әулиеатаны басып алды, сойтіп бұрын Қоқан хандығының қол астында болып келген Ұлы жүздің жерлері империяның құрамына енді. Осы өңірде Сырдария және Жетісу облыстары құрылып, олар Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды.
- 1867 ж. 11 маусымда Ресей үкіметінің қабылдаған жаңа жерлерді басқару жөніндегі “Уақытша Ережеге” сәйкес Әулиеата уезі құрылды. Ол Сырдария облысына қарады.
- 1868 — 92 ж. бұл аймақтарға ішкі Ресейден қоныс аударған шаруалар көшіп келе бастады.
- 1873 ж. Әулиеатада 5 төсектік қабылдау бөлмесі бар алғашқы аурухана ашылды.
- 1884 ж. 22 маусымда халық ақыны, өнші, композитор Кенен Әзірбаев дүниеге келді (1976 ж. қайтыс болған).
- 1894 ж. 26 желтоқсанда мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов дүниеге келді (1938 ж. 10 ақпанда Мәскеуде қайтыс болған).
- 1905 ж. қарашада Әулиеата уезі қазақтары Ресей империясы Министрлер кеңесінің төрағасы граф С.Ю.Виттеге патша өкіметінің отаршылдық саясатына наразылық танытып арыз-тілек (петиция) жазды.
- 1907 — 11 ж. гельминтология ғылымының негізін салушы болашақ академик К.И.Скрябин (1878 — 1972) Әулиеатада шалқын зертхана ашып, адам мен жануарлардың гельминтофаунасын зерттеуге кірісті.
- 1910 ж. 24 желтоқсанда қазақ халқының әскери қайраткері, ержүрек қолбасшы, жазушы Бауыржан Момышұлы дүниеге келді (1982 ж. 10 маусымда қайтыс болды).
- 1917 ж. мамырда Әулиеатадағы билік органы — Әулиеата жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі құрылды (1917 ж. желтоқсан айынан Әулиеата жұмысшы, солдат, шаруа және қазақ депутаттарының кеңесі болып қайта құрылды).
- 1917 ж. Меркіде Т.Рысқұлов “Қазақ жастарының революциялық одағын” құрды.
- 1918 ж. 30 сәуірде автономиялық Түркістан Кеңестік социалистік республикасы құрылып, Әулиеата уезі соның құрамына енді.
- 1919 ж. тамызда “Аулие-Атинский вестник” газеті (қазіргі облыстық “Знамя труда” газеті) шыға бастады.
- 1922 ж. 1 мамырдан “Келей еркі” газеті (қазіргі облыстық “Ақ жол” газеті) шыға бастады.
- 1924 ж. Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуге байланысты Әулиеата уезі Сырдария облысының құрамына енді.
- 1928 ж. қаңтарда уезд таратылып 6 ауданнан тұратын округ құрылды.
- 1929 ж. “Қызыл темірші” артели (қазіргі “Коммунамаш” өндірістік кәсіпорны) құрылды.
- 1931 ж. облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ашылды.
- 1930 ж. Әулиеатада зоотехникалық-малдәрігерлік техникум,
- 1933 ж. есеп-статистика техникумы ашылды.
- 1935 ж. Қордай ауданында ірі сугару-суландыру жүйесі — Георгиевка каналдары пайдалануға берілді.
- 1936 ж. 10 қаңтарда Әулиеата қаласы Мирзоян болып өзгертілді.
- 1936 ж. 12 ақпанда Мединбелер мектебі (кейіннен Медициналық училище, қазіргі Жамбыл медициналық колледжі) ашылды.
- 1936 ж. көркемөнерпаздар үйірмесінің негізінде колхоз-совхоз театры құрылды (1940 жылдан облыстық қазақ драма театры).
- 1936 ж. геолог И.И.Машхара Қаратау фосфорит алабын ашты.
- 1936 — 39 ж. шығыстанушы ғалым А.Н.Бернштам (1910 — 56) Тараз, Адахкес, т.б. ежелгі қала орындарында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді.

1938 ж. 5 маусымда қалға ұлы ақын Жамбыл есімі берілді.

1939 ж. 14 қысқы 9 ауданды құраған Жамбыл облысы құрылды.

1939 ж. Қаратаудың Қоқсон фосфорит кені ашылды.

1939 ж. облыстық мұрағат ұйымдастырылды.

1940 ж. наурызда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып М.И.Каченко сайланды (қызметті 1945 ж. қыркүйегіне дейін атқарды).

1940 ж. 10 мың дана кітап қоры бар облыстық кітапхана ұйымдастырылды.

1940 ж. "Қосалма болшектер" жұмыты іске қосылды.

1945 ж. қарашада Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып І.Еділбаев сайланды (қызметті 1952 ж. сәуіріне дейін атқарды).

1946 ж. Шаластау (Қаратау) кен-химия комбинаты салынды.

1950 ж. Жамбылда Қазақстандағы тұңғыш мәдени-ағарту училищесі ашылды.

1951 ж. 15 наурызда Жуалы ауданы Жамбыл облысына берілді.

1952 ж. Жамбыл суперфосфат зауытының бірінші кезегі пайдалануға берілді, Жамбыл балығы зауыты іске қосылды.

1952 ж. сәуірде Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып Ш.Артығалиев сайланды (қызметті 1957 ж. желтоқсанына дейін атқарды).

1953 ж. 27 қысқы Мейынты — Шу темір жолы пайдалануға берілді.

1955 ж. Жамбыл қаласында республикадағы тұңғыш мәдени-ағарту училищесі ашылды.

1955 ж. Жамбылда химиктердің мәдениет сарайы пайдалануға берілді.

1957 ж. желтоқсанда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып М.Сапаралиев сайланды (қызметті 1959 ж. желтоқсанына дейін атқарды).

1958 ж. Жамбылда Шымкент химия-технологиялық институтының филиалы ашылды, ол 1963 ж. жеңіл және тамақ өнеркәсібінің технологиялық институтына айналды.

1959 ж. желтоқсанда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып А.Ақсеров сайланды (қызметті 1965 ж. сәуіріне дейін атқарды).

1960 ж. Жамбыл жерінде тұрған Абсент жылқысы 27-ші Рим олимпиадасында чемпион болды.

1961 ж. облыс тұрғындары Алматыдан теледидар бағдарламаларын қабылдай алатын болды.

1961 ж. Қазық су шаруашылығы ғылым-зерттеу институты Алматы қаласынан Жамбылға көшірілді.

1961 ж. Таразда жүзіп алағанды оңдеу фабрикасы іске қосылды.

1961 ж. Тараз қаласының тарихи орталығында Жамбыл Жабаев ескерткіші ашылды.

1962 ж. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты ашылды (қазіргі МХ.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті).

1963 ж. Қаратау, 1969 ж. Жаңытас кентері қала дәрежесін алды.

1964 ж. Қаратау қаласында Қазақ политехникалық институтының жалпытехникалық факультеті (1980 жылдан филиал) және құрылыс техникумы ашылды.

1965 ж. сәуірде Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып Б.Садржақов сайланды (қызметті 1970 ж. сәуіріне дейін атқарды).

1965 ж. облыстық ауыл шаруашылық тәжірибе стансасы құрылды.

1965 ж. облыстық базалар ауруханасы ашылды.

1966 ж. Жуалыдағы Шахматқа шапқалында Қазақстан Ғылым Академиясының құстарға сияқты саяу орталығы ашылды.

1966 ж. Мойынқұм ауданында жабайы аңдар мен құстарды қорғау және көбейту мақсатында аумағы I млн. га Ардасай қорықшасы құрылды.

1967 ж. Жамбыл мемлекеттік аймақтық электр стансасының қуаты 600 мың кВт бірінші кезегі іске қосылды.

1967 ж. Жамбыл металл құралдар зауыты іске қосылды.

1967 ж. 8 тамызда Жамбыл облысы Ленин орденімен марапатталды.

1967 ж. облыстық филармония ұйымдастырылды.

1967 ж. Жамбыл педагогикалық институты ашылды.

1967 ж. облыстық орыс драма театры құрылды.

1968 ж. геолог Д.Дүйсенбеков Ардабай атымен кенін ашты.

1969 ж. облыстық көлі қорығын және әлсіз көретін адамдарға кітапханасы ашылды.



1970 ж. сәуірде Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып М.Б.Масанов сайланды (қызметті 1971 ж. наурызғана дейін атқарды).

1970 ж. Жамбыл — Қаратау темір жол тарамағы Жаңытас қаласына жеткізілді.

1970 ж. облыстық "Алғаш" өн-би ансамблі ұйымдастырылды.

1971 ж. наурызда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып М.Жұрмағамалов сайланды (қызметті 1972 ж. маусымына дейін атқарды).

1971 ж. желтоқсанда Жуалы ауданы жерінде Берікқара қорықшасы ұйымдастырылды.

1972 ж. маусымда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып Х.Ш.Бектурғанов сайланды (қызметті 1983 ж. ақпанына дейін атқарды).

1979 ж. Жаңа Жамбыл фосфор зауыты салынып білін, қала "Үлкен мыңынаға астанасына" айналды.

1980 ж. сәуірде Жамбыл қаласында троллейбус жүре бастады.

1980 ж. Москвада өткен Олимпиадалық ойындарда жамбылдық күресші Ж.Үшкөміров алын, боксшы С.Қоңдыбаев күміс медальдар жеңіп алды.

1981 ж. 13 наурызда Қордай ауданы Кенен ауылында халық ақыны Кенен Әлірбаевтың әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды.

1983 ж. ақпанда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып Ә.Х.Жақыпов сайланды (қызметті 1988 ж. желтоқсанына дейін атқарды).

1985 ж. Байзақ және Жамбыл аудандары егістікке жарамды алқапты игеру мақсатында салынған Базарбай сұару жүйесі іске қосылды.

1988 ж. желтоқсанда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып С.М.Байжанов сайланды (қызметті 1991 ж. маусымына дейін атқарды).

1991 ж. маусымда Жамбыл облыстық партия комитетінің I-хатшысы болып О.Байғелди сайланды (бұл қызметті 1991 ж. сәуіріне дейін атқарды; 1991 ж. сәуір — маусым — обл. атқару к-тінің төрағасы; 1991 ж. қыркүйек — 1992 ж. ақпан — Халық депутаттары обл. кеңесінің төрағасы; 1992 ж. ақпан — 1995 ж. қараша — обл. өкімшілігі баспасы, облыс әкімі).

1995 ж. қарашада Жамбыл облысының әкімі болып А.Қ.Таназов тағайындалды (қызметті 1998 ж. қаңтарына дейін атқарды).

1995 ж. облыстағы ұлттық-мәдени орталықтардың қызметін үйлестіріп отыратын ұйым — Қазақстан халықтарының Жамбыл облыстық Кіші ассамблеясы құрылды.

1996 ж. 16 ақпанда қалалық апталық "Жамбыл-Тараз" газеті шыға бастады.

1996 ж. Тараздағы Төле би көшесіндегі саябақта 1986 ж. желтоқсан көтерілісінің қайырманы Қ.Расқұрбановке ескерткіші орнатылды.

1997 ж. 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен Жамбыл қаласының тарихи аты — Тараз қайтарылды.

1998 ж. қаңтарында Жамбыл облысының әкімі болып С.С. Қалмырзаев тағайындалды (қызметті 1999 ж. ақпанына дейін атқарды).

1998 ж. Тараз қаласындағы берлік жоғары оқу орындары біріктіріліп Тараз мемлекеттік университеті құрылды.

1998 ж. Тараз қаласындағы тарихи Алашор (қазіргі Достық) атындағы іргесіне Мұхаммед Хайдар Дулати ескерткіші орнатылды.

1999 ж. ақпанда Жамбыл облысының әкімі болып С.Ә.Үмбетов тағайындалды.

1999 ж. облыстағы химия кәсіпорындарын біріктіретін "Қазфосфат" ЖШС-і құрылды.

2000 ж. қызыл айында Тараз қаласының орталығында, облыстық драма театры айналасында жүйелі өрі жауын, Халық қайырманы Бауыржан Момышұлына ескерткіші орнатылды.

2000 ж. боксшы Е.Нұрмағамалов Сиднейде 27-Олимпиадалық ойындардың атын медальмен жеңіп алды.


2001 ж. Тараз қаласында ерекше қабілет танытқан балаларды оқытатын "Дарын" мектебі ашылды.

2002 ж. 25 — 26 қыркүйекте Тараз шаһарының 2000 жылдық тойы салтанатпен атап өтілді. Тараздағы Достық атындағы Байзақ баба ескерткіші орнатылды. Ескерткіші Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ашты.

2003 ж. 23 мамырда Тұрар Расқұров ауданында жаңа аты беріліп, 3 адам қазы тапты, мемориал үйлер бүлінді.

2003 ж. қызыл айында Амангелді газы облыс тұрғындарына беріле бастады. Құбырды іске қосу салтанатына Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев қатысты.


94(574.52):39 Тараз мұралары [Мәтін]. Көптомдық. 10 т. Тарих
Т21 тамырлары. Азаттық үшін күрес. Жамбыл
облысындағы этностар мен этникалық топтар
тарихы / [жауапты ред. М. Рысдәулет ; құраст.
Қалиев С., Шайділдаев А.]. - Тараз : 7Su-Gompany,
2019. – 304 б.



Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы болғаны анық. Ата-бабаларымыз еркіндікке, бостандыққа, азаттыққа жету үшін ең алдымен халқымыздың бірігуі өте маңызды әрі шешуші екенін жақсы түсінді. Бұл томға бірліктің нәтижесінде Аңырақайда көптен күткен жеңіске жеткен шайқастан бастап, орыс, қоқан отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілістер енгізілді. Әсіресе 1916 жылы Меркі мен Шу өңірінде қалың халықты қамтыған Ақкөз батырдың ұлт-азаттық көтерілісіне ерекше орын берілді. Сонымен бірге қазақтың бір туар азаматы Тұрар Рысқұловтың сол көтеріліске берген саяси бағасыда кітапта көрініс тапқан.

Әрбір көтерілістің соңы қайғы, қасіретке толы болғанымен ұлтты ұйыстыруда шешуші рөл атқарғаны сөзсіз. Сондықтан да азаттық үшін күрес қасиетті де, қадірлі.

008:7(574.52) Рысдәулет, М. Жамбылым қандай
P94 тамаша [Мәтін] : мәдениет пен өнер
өрнектері / Мақұлбек Рысдәулет. –
Алматы : [баспасыз], 2017. – 224 б. : сурет.



Жамбыл облысының мәдениеті мен өнерінің қысқаша тарихынан бастап, қоғамды дамытудағы бүгінгі орны туралы оқырманға ақпарат беретін бұл кітапта өте көп деректер мен дәйектер, жүздеген адамдардың есімдері бар. Кітап сонысымен құнды. Кітаптың басты кейіпкері - мәдениет пен өнер. Кітапта аты аталатын адамдардың бәрі өңірдің мәдениеті мен өнерін жасауға үлес қосқандар.


Туынды көркем шығарма болмаған соң тілі ресмилеу көрінгенімен жатық, жеңіл оқылады. Кітап қалың оқырманға арналған.



...ЖЫРҒА ЛАСЫҚ ЕЛІҢ БАР,
ЕЛСЕ ЛАСЫҚ ЕРІҢ БАР.
ҚЫРУАР ЗАВОД, ҚАЛАҢ БАР,
СУЛ ЖАСНАҒАН ДАЛАҢ БАР,
СОЛ ДАЛАНЫ ЖАСНАТҚАН
ЖҰРТҚА ҮЛСІ АДАМ БАР.
ЖАУДЫ ҚЫРҒАН ЖӨҢКІЛТІП
ЖАЕ АРЫСТАН ПІШІНДІ,
ЖАУДА ОУРАН САЛҒАН БАР,
БАТЫР СЫНДЫ, МҮСІНДІ,
ҚАҒАРМАН КӨП ЖАСАҒАН
ХАЛҚЫМЫЗДА ЗАМАН БАР.



ЖАМБЫЛ



329(574.52)(031) Әулиеата жастары [Мәтін] :
Ә88 облыстық жастар энциклопедиясы /
[құраст. Ғ. Абылай]. - Тараз : Формат -
Принт, 2023. – 172 б. : сурет.




Кітапта киелі Әулиеатада дүниеге келіп, әр түрлі салада өңір дамуы мен ел өркендеуіне үлес қосып жүрген жастардың өмірбаяны мен жетістіктері жинақталған.

Жастар энциклопедиясының I томына студенттік жылдардан әлеуметтік лифт қалыптастырып, бүгінгі күнде ел мақтанышына айналған 186 жас еңсе, II томда «Әулиеата үміті - 2022» жастар сыйлығының жеңімпаздары мен Әлем чемпионаттары мен халықаралық байрақты бәсекелерде топ жарған, соңғы жылдары жетістікке жетіп, Әулиеата атын асқақтатқан 169 жас қамтылды.



ӘУЛИЕАТА ЖАСПАРЫ



008:7.07(574.52)(08) Ән қанатындағы Әулиеата
Ә59 [Мәтін] : [жинақ] / [құраст. Г. Ембердиева]. - Алматы : Асаба, 2018. – 208 б. : сурет.

«Ән қанатындағы Әулиеата» жинағы Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының елу жылдық тарихына арналады. Жамбыл жерінде қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан өнер ұжымының құрылуы мен қалыптасуы, өрлеу дәуірі мен қарыштап дамыған заманауи үрдіске лесу жолы кітапта баяндалады.

Әулиеатаның мәдениет саласын басқарып, филармонияның әр жылдардағы дамуына қолдау көрсеткен басшылар, қасиетті өнер сахнасында еңбек еткен және бүгінгі таңда халықтың рухани қажеттілігін өтеп жүрген өнер қайраткерлерінің өмірдеректері өз аттарынан баяндалады. Сондай-ақ, ұжымның алыс-жақын шет елдердегі өнер сапарлары, үлкен сахналардағы концерттерінің фотошежіресімен қамтылған. Филармонияның тарихында алғаш рет жарық көріп отырған деректі жинақ жалпы көпшілікке арналады.





070(574.52) Ғасыр шежіресі [Мәтін] / [бас
Ғ57 ред. О.Дәуіт ; құраст. Т.
Толқынбайұлы]. - Тараз : Жебе,
2022. – 296 б. : сурет.



Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің жарық көргеніне биыл 100 жыл толып отыр. Әуелі «Кедей еркі» деген атпен шыққан басылым бір ғасырдан бері Әулиеата оқырмандарына рухани серпін сыйлап келеді. Бір ғасыр бедерінде өңірдің бас басылымы түрлі тақырыпқа түрен салып, түрлі мәселелерді көтерді. Түрлі тақырыптарда тарихи-танымдық мақалалар жариялады.

Бұл кітап Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ақ жол» газетінің ұжымын құттықтау хатымен ашылып отыр. Сондай-ақ, мемлекеттік деңгейдегі түрлі тұлғалардың құттықтау хаттары да берілген. Кітаптан «Ақ жол» газетінің жүз жылдық жылнамасын көруге болады. Аталған жинақтан оқырман Әулиеата өңірінің тарихи басылымына қатысты кез-келген мәліметті таба алады.

БҮГІНГІ БЕЛЕСІНЕ МОЛ ТАБЫСПЕН ЖЕТТІ

Құрметті «Ақ жол» газетінің ұжымы!

Баршаңызды басылымның 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Алғаш 1922 жылдан бастап шыға бастаған газет Әулиеата өңірінің жылнамасына, облыс халқының рухани болмысының шежіресіне айналды. Өзінің байыпты байламдары, салмақты ойлары бар беделді ақпарат құралы ретінде танылды.

«Ақ жол» – өңірдегі журналистердің түлеп ұшқан ұстаханасы. Ғасырға жуық тарихы бар қара шаңырақта кәсіби тілшілердің шығармашылық мектебі қалыптасты. Бұл ұжымнан талай білікті маман, қарымды қаламгер шарболаттай шындалып шығып, ақпарат әлеміне қанат қақты.

Еліміздің медиа кеңістігіндегі байырғы басылым бүгінгі белесіне мол табыспен жетті. Жаһандану кезеңінде бәсеке нарығына нық қадам басып, ұлттық баспасөздің заманауи келбетін қалыптастыруға үлес қосты. Бүгінде заман көшінен қалмай, ойлы оқырманымен бірге жасап келеді. Қос ғасырдың куәсі болған газет ұжымына шығармашылық табыс тілеймін!

Мерейтой құтты болсын!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.

*Нұр-Сұлтан қаласы,
Ақорда 28.04.2022*



немесе жүз жылдың тарихы



Газет 1922 жылдың 1 мамырында Әулиеата ояздық қалалық партия комитетінің, Кеңес атқару комитетінің органы «Вольная беднота» газетінің қосымшасы ретінде дүниеге келді. Тұңғыш редакторы – Анна Владимировна Алматинская.

1924 жылдың тамыз айынан бастап басылым «Еңбек» деген атпен шыға бастады.

Әулиеата ояының аудан болып қайта құрылуына байланысты 1929 жылдың 1 қаңтарынан «Диқан дауысы» атты аудандық газетке айналды.

«Жаппай ұжымдастыру» науқанына байланысты газеттің аты 1930 жылдың басынан «Колхозшы», 1939 жылы «Колхоз жолы» деп өзгерді.

Заман ағымына қарай 1940-44 жылдары «Коммунист», одан кейін «Сталиндік жол» атанған басылым 1958 жылдан бастап «Еңбек туы» деген атқа ие болды.

Хрущевтің әпербақан саясатының салқыны «Еңбек туы» да айналып өткен жоқ, 1962 жылы облыстық бірден-бір қазақ газеті жабылып, бір жылдан кейін орыс тіліндегі «Знамя труда» газетінің аудармасы ретінде жарық көрді. Тағы бір жылдан кейін ғана қайтадан дербес басылымы айналды.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістерге байланысты 1990 жылдың 3 сәуірінен бастап газет «Ақ жол» деген атпен шыға бастады.

Ал, 2018 жылдың қаңтар айынан бастап газет атауы латынша әріптерге ауыстырылып, оқырманға «Ақ жол» болып жол тартты.

«AQ JOL»-ДЫҢ МАРАПАТТАРЫ МЕН ЖҮЛДЕЛЕРІ




- КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының 1972 жылғы 17 қарашадағы Жарлығымен облыстық «Еңбек туы» (қазіргі «Ақ жол») газеті өңір еңбекшілерін коммунистік рухта тәрбиелеу, оларды шаруашылық және мәдениет құрылысының міндетін орындауға жұмылдыру ісіне лайықты үлес қосқаны үшін жоғары үкімет наградасы «Құрмет белгісі» орденімен наградталды. Бұл басылымның алғашқы саны жарық көргеніне 50 жыл толуына орай керемет тарту болды.
- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президумының 1982 жылғы 30 сәуірдегі Жарлығымен «Еңбек туы» газеті Құрмет грамотасымен марапатталды.
- Редакция ұжымы 1987 жылы республикалық «Табиғатты қорғау және оның бұқаралық ақпарат құралында жариялануы» атты конкурста 2-орынды иеленді.
- 1990 жылы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты «Ақ жол» газетіне осы одақтың Құрмет грамотасы тапсырылды.
- Басылым 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы отбасы және гендерлік саясат жөніндегі комиссия ұйымдастырған «Қазақстан елді мекендері тұрғындарының мәселелері» конкурсында «Кәсіби БАҚ» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.
- 2008 жылы редакцияға ардагер журналистерге қолдау-көмек көрсеткені, балалар үйіне қол ұшын созғаны және әлеуметтік саладағы өзекті мәселелерді көтергені үшін жыл сайынғы ұлттық қоғамдық «Алтын жүрек» сыйлығы табыс етілді. «Ақпараттық қолдаушы» аталымы бойынша тағайындалған бұл сыйлыққа сол жылы республика көлемінде үш бұқаралық ақпарат құралы ғана ие болды.
- 2009 жылы «Ақ жол» газеті тұтынушылардың аймақтық «Қыран» лигасы ұйымдастырған «Жыл таңдауы» байқауының жеңімпазы атанып, «БАҚ» аталымы бойынша наградталды.
- 2010 жылы облыс әкімдігі ішкі саясат басқармасы мен студенттік құрылыс жасақтарының облыстық штабы редакция ұжымын «Ең үздік бұқаралық ақпарат құралы» номинациясы бойынша марапатталды.
- 2011 жылы ұйымдық халықтық тәуелсіз комитеті ұйымдастырған «Алтын көшбасшылар» байқауында «Ақ жол» «БАҚ» номинациясы бойынша наградталды.
- 2020 жылы баспа, радио және интернет-журналистика саласындағы «Үркер – 2020» ұлттық сыйлығының «Жыл басылымы» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды.


63.4(5Каз-4Жам) Сокровища древнего и средневекового Тараза и Жамбылской области [Текст] / К.М. Байпаков, Г.А. Капекова, Д.А. Воякин, А.Н. Марьяшев. - Алматы : Археологическая экспертиза, 2011. – 619 с.

Книга посвящена богатому историко-культурному наследию древнего и средневекового Тараза и Жамбылской области, истории его изучения. Это памятники древнего палеолита и эпохи бронзы, сакские и усуньские курганы, поселения кангюев, средневековые города на Великом Шелковом пути - Тараз и Кулан, Мирки и Аспара, Джамукат и Касрибас. Характеризуются городища, работы археологов и найденные в ходе археологических раскопок керамика, уникальные изделия из золота, серебра, бронзы.

Описываются каменные изваяния тюрков, шедевры средневековой архитектуры, мир петроглифов. Заключение посвящено характеристике прикладного искусства казахов: производства ковров и войлоков, их орнаментике, одежде, головным уборам и произведениям зергеров, мастеров, искусство которых сохраняет традиции прикладного искусства саков, усуней, кангюев, древних тюрков, кыпчаков.



908(574.52) С37 Серікбаев, Н. Әулиеата зерттеулері [Мәтін] : (архив деректерінен) : [ғылыми-танымдық кітап] / Нұрхат Серікбаев. - Тараз : Формат-Принт, 2019. – 271 б. : сурет.




Бұл ғылыми-танымдық кітапта Әулиеата аумағындағы алғашқы ғимарат, қоғамдық БАҚтар, оқу орындарының қалыптасуы, көпестік тұрғын үйлер, дәріхана, банктер бой көтере бастаған кезеңдер және Әулиеата өлкетану музейінің ашылуы мен Әулиеатаға полковник М.Черняев әскерінің келуі, өңірді зерттеген ғалымдардың қолжазбалары мен зерттеулері туралы мәліметтер архивтік құжаттар негізінде топтастырылған.

Танымдық кітап қалың оқырманға, тарихшыларға, зерттеушілер мен өлкетанушыларға арналған.

**63.4(5Қаз-4Жам)
Е33**

Ежелгі және орта ғасырлардағы Тараз бен Жамбыл облысының қазыналары [Мәтін] / К.М. Байпақов, Г.А. Капекова, Д.А. Воякин, А.Н. Марьяшев. - Тараз : Археологиялық сараптама, 2013. – 320 б. + 1CD. : сурет.



Кітап ежелгі және орта ғасырлардағы Тараз бен Жамбыл облысының бай тарихи-мәдени мұрасына және зерттелу тарихына арналады. Олар: тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштері, сақ және үйсін обалары, қаңлылардың қоныстары, Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар - Тараз бен Құлан, Меркі мен Аспара, Жамұқат пен Касрибас. Сонымен бірге Тараз ескі қаласының орнындағы Кең масштабты қазбаларының топографиясы және көне қалалар, археологтардың жұмыстары, алтын, күміс, қоладан жасалған бірегей бұйымдар сипатталады. Түркілердің тас мүсіндері, ортағасырлық озық сәулет өнері, петроглифтер әлемі суреттеледі.


94(574.52) P94 Рысдаулет, М. Тарихы терең мерейлі мекен [Мәтін] / Мақұлбек Рысдәулет. - Алматы : Тоғанай Т, 2018. – 318 б. : сурет.

ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫНА
85
ЖЫЛ

Меркі әрқашанда ұлы тұлғаларымен, табиғатымен, тағылымды тарихымен қаламгерді де, тарихшыны да, өлкетанушыны да өзіне тәнті етіп келеді. Бұл кітапқа жазушы-журналист Мақұлбек Рысдәулеттің Меркі тарихына байланысты әр жылдары жазған жазбалары енген.

Кітапта қазақ халқының басына үлкен қасірет пен қайғы түсірген тәркілеу науқанының Меркі ауданында жүргізілуі кеңірек баяндалады. Тарихи деректердің өте көп болуымен кітап аса құнды. Келтірілген деректер мен дәйектердің көпшілігі бұрын жазылмаған, айтылмаған. Осыдан-ақ дерек көздерін жинақтауда автор өлшеусіз еңбек еткенін аңғарасыз.

Кітап өңір тарихын және тәркілеу - конфискация кезеңін зерттеушілерге, тарихшылар мен магистранттарға таптырмайтын дерек көзі болып табылады.



63.3(5Қаз-4Жам) Т21 Тарихи зерде - жаңғырған атаулар [Мәтін] = Историческая память - обновленные названия : атауы өзгерген елді мекендер, көшелер, нысандар / [ред. П. Дүйсенбин]. - Тараз : Люкс Медиа Групп, 2016. – 538 б. : сурет.

63.3(5Қаз-4Жам)
Т21



**ТАРИХИ ЗЕРДЕ –
ЖАҢҒЫРҒАН АТАУЛАР**
**ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ –
ОБНОВЛЕННЫЕ НАЗВАНИЯ**



Оқырмандарға ұсыңылып отырған анықтамалық кітапқа 1991-2016 жылдар аралығында облыс көлемінде атаулары өзгертілген елді мекендердің, көшелердің, білім нысандарының жаңғырған атаулары енгізілген. Сонымен бірге кітап тарихи орындардың, көне қалалардың, табиғаты сұлу, көрікті жерлердің суреттерімен безендіріліп, танымдық мәліметтермен толықтырылған.

Кітап Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арнап шығарылған.

ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫНА 85
ЖЫЛ



ЖАМБЫЛ



Назар аударғандарыңызға рақмет!

Виртуалды көрме
Тараз қаласы ОККЖ
ақпараттық-библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімінде жасалды

TEKTURMAS

2024 ж.